

**Тағамға биологиялық белсенді қоспа
«ЭКОдетрим Д3 дәрумені 400 ХБ»
Дәрілік құрал болып табылмайды**

Құрамы (Состав): бір тамшыда 10 мкг (400 ХБ) Д3 дәрумені (холекальциферол) және МСТ (кокос майынан алынған орташа тізбекті триглицеридтер) бар. Барлық компоненттері табиғи және ағза үшін қауіпсіз. Жасанды хош иістендіргіштерді, консерванттарды және бояғыштарды қамтымайды. Флаконда 20 мл өнім бар.

Тәуліктік дозаға биологиялық белсенді заттардың құрамы:

Көрсеткіш	Тәуліктік түсуі	Қабылдау деңгейі	Ұсынылған тұтыну деңгейінен %
Балаларға 3–18 жас (5 тамшы)			
Д3 дәрумені	10 мкг	10 мкг*	100%
Ересектерге (5 тамшы)			
Д3 дәрумені	10 мкг	5 мкг** – 15 мкг***	200%****

* РФ-ның «Әртүрлі халық топтарының энергия мен тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктер нормалары» (МР 2.3.1.2432-08) сәйкес

** Ұсынылған тұтыну деңгейі, ТР ТС 022/2011 (қосымша 2) нормаларына сәйкес

*** Тәуліктік адекватты тұтыну деңгейі және жоғарғы рұқсат етілген деңгей

«Санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық бірыңғай талаптарға» сәйкес (II-бөлім, 1-бөлімше, қосымша 5)

**** Жоғарғы рұқсат етілген тұтыну деңгейінен аспайды

Қолданылу саласы (Область применения): тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде – Д3 дәруменінің қосымша көзі. Д3 дәруменінің кальций сіңірілуіне ғана емес, барлық алмасу түрлеріне, иммундық және эндокриндік жүйеге әсері дәлелденген. Д3 дәрумені бұлшықеттердің дұрыс дамуын қамтамасыз етеді, сүйек пен тіс тінін нығайтады, иммундық жүйе мен көру мүшелерінің жұмысын қолдайды.

ЭКОдетрим – табиғи майда еритін Д дәрумені, тазартылған кокос майы-тасымалдағышы арқылы ағзаға табиғи жолмен түседі. ЭКОдетрим бензил спиртін, эмульгаторларды, хош иістендіргіштерді, консерванттарды және аллергия не жанама әсерлер туғызуы мүмкін бояғыштарды қамтымайды. Басқа дәрумендік препараттармен, сусындармен және тағаммен оңай үйлеседі.

Қолдану жөніндегі ұсынымдар (Рекомендации по применению): ересектерге және 3 жастан асқан балаларға – күніне 1 рет 1 тамшыдан, тамақ кезінде кез келген сусынға немесе бөлме температурасындағы тағамға қосып немесе тікелей ауызға тамызу ұсынылады. Дұрыс мөлшерлеу үшін флаконды тік ұстау керек. Қабылдау ұзақтығы – 1 ай.

Қарсы көрсетілімдері (Противопоказания): компоненттерге жеке төзімсіздік. Балаларға ББҚ-ны педиатрдың келісімімен және бақылауымен қабылдау ұсынылады. Жүкті және бала емізетін әйелдерге дәрігердің ұсынысы мен бақылауымен қабылдау қажет.

Жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары (Срок годности и условия хранения): 2 жыл. +25°C-тан аспайтын температурада, қараңғы жерде сақтау. Ашылған флаконды +25°C-тан аспайтын температурада 2 айдан артық сақтамау керек.

Іске асыру шарттары (Условия реализации): дәріхана желісі, мамандандырылған дүкендер және сауда желілерінің бөлімдері арқылы.

Тағамға биологиялық белсенді қоспа, дәрілік құрал болып табылмайды.